

Облыс әкімиятының 2003 жылғы 12 ақпандағы N 45 "Коммуналдық меншік объектілерін жалға беру мәселелері" қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Атырау облыстық әкімиятының 2005 жылғы 14 шілдедегі N 223 қаулысы Атырау облыстық әділет Департаментінде 2005 жылғы 28 шілдеде N 2437 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облыстық әкімиятының 2009 жылғы 26 қазандағы № 244 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облыстық әкімиятының 26.10.2009 № 244 қаулысымен .

Коммуналдық меншік объектілерін басқару тиімділігін арттыру мақсатында, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 27-бабын басшылыққа алып, облыс әкімияты қаулы етеді:

1. Облыс әкімиятының 2003 жылғы 12 ақпандағы N 45 "Коммуналдық меншік объектілерін жалға беру мәселелері" қаулысына (Атырау облысы Әділет басқармасында 2003 жылғы 14 наурызда N 1350 тіркелген, облыс әкімиятының 2004 жылғы 21 қаңтардағы N 19 қаулысымен өзгеріс енгізілген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

2-тармақтағы «Атырау облысының коммуналдық меншік басқармасына (бұдан әрі - басқарма)» деген сөздер "Атырау облысы Қаржы Департаменті (бұдан әрі - Департамент)" деген сөздермен ауыстырылсын; көрсетілген қаулымен бекітілген Коммуналдық меншіктегі объектілерді жалға беру ережесінде:

4-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда мазмұндалсын:

"4. Баланс ұстаушымен келісім бойынша қалалық және аудандық бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер және коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар балансындағы Объектілерді мүліктік жалға (жалдауға) беруді тиісті аудандар мен Атырау қаласы әкімияттары осы мақсат үшін белгілеген мемлекеттік органдар, ал облыстық бюджеттен қаржыландырылатындарын - Атырау облысы қаржы департаменті жүзеге асырады " ;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
" Д е п а р т а м е н т т і ң :

1 тиісті аудандар және Атырау қаласы әкімияттарына алдын-ала ескерте

отырып, қалалық және аудандық бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер және коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар балансындағы жекелеген Объектілер (ауданаралық маңызы бар), сондай-ақ, мемлекеттік мекемелер мен коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарға бекітілмеген коммуналдық меншік Объектілері бойынша жалдау шарттарын ж а с а с у ғ а ;

2) коммуналдық меншік Объектілерін Жалға берушілерден мүліктік жалдау бойынша ай сайынғы мәліметтерді сұратуға және олардың осы Ережелерді сақтауын бақылауға құқығы бар." ;

6-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда мазмұндалсын:

"Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер мен коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер немесе коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар балансындағы Объектілерді жалдау ақысының нольдік мөлшерлемесі бойынша коммуналдық қызметтерге төлем, объектіге қызмет көрсетуге төлемдер төлеу талабымен жалдауға беруді жүзеге асырады." ;

17-тармақтағы "мемлекеттік және орыс тілдерінде" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

4 3 - т а р м а қ т ы ң :

1) тармақшасында "техникалық" деген сөз алынып тасталсын;

4) тармақшасы мынадай редакцияда мазмұндалсын:

4. Жалгердің құқықтары:

жалға алынған Объектіні шарт талаптарына сәйкес пайдалану;" ;

7) тармақшасының төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын: егер Жалгер екі айдан артық уақыт ішінде Объектіні пайдаланғаны үшін ақы төлемесе ; " ;

5 0 - т а р м а қ т ы ң :

2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

2) қабылдау-табыстау актісін жүзеге асыратын ұйымдар өкілдерінің құрамы;" ;

3) тармақшасы "жалдау" деген сөзден кейін ", Объект алаңының мөлшері және орналасқан жері" деген сөздермен толықтырылсын;

59-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"S - бүтін шаршы метрге дейін дөңгелектелген орынжайдың ауданы;" ;

Коммуналдық меншіктегі объектілерді жалға беру ережесінің № 1-қ о с ы м ш а с ы н д а :

Е с к е р т у д е :

"объектінің қажеттілігіне техникалық-экономикалық негіздеме;" деген сөздер а л ы н ы п т а с т а л с ы н .

2. Аудандар және Атырау қаласының әкімияттары бір ай мерзім ішінде тиісті

әкімияттың ведомстволық бағынысындағы заңды тұлғаларға бекітілген коммуналдық меншік объектілерін мүліктік жалға беруді қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органды (бұдан әрі - Уәкілетті орган) белгілесін.

3. Уәкілетті органдар коммуналдық меншік объектілерін облыс әкімиятының 2003 жылғы 12 ақпандағы N 45 қаулысымен бекітілген Коммуналдық меншіктегі объектілерді жалға беру ережесіне сәйкес мүліктік жалға беруді қамтамасыз етсін.

4. Атырау облысы Қаржы департаменті мүліктік жалдауға берілген аудандар және Атырау қаласының әкімияттарының ведомстволық бағынысындағы заңды тұлғаларға бекітілген Объектілер бойынша шарттар мен құжаттардың Уәкілетті органдарға берілуін қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының 4-тармағына сәйкес Уәкілетті органдар қабылданған мүлікті жалдау шарттары бойынша Атырау облысы Қаржы департаментінің құқықтық мирасқорлары болып табылады.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С.К. Нокинге жүктелсін.

Облыс әкімі